

«БЕКІТЕМІН»
ШЖҚ МКК
«Сервис және туризм колледж»
директоры

 С. Басығараева
« 09 » 06 2022 г.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың 2022-2023 оқу жылына
"Сервис және туризм колледжі" ШЖҚ МКК оқуға қабылдау
ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің "Сервис және туризм колледжі" ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Колледж) 2022-2023 оқу жылына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - "Білім туралы"), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 (2021 жылғы 04 маусым № 276 өзгерістерімен) "Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен сәйкес колледжге оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжге негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысымен айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Сервис және туризм колледжі" ШЖҚ МКК оқуға қабылдау тәртібі

4. Оқуға адамдардың өтініштерін қабылдау, әңгімелесуді өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін Колледж директорының бұйрығымен 10 маусымнан кешіктірмей тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің, қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы Колледж директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылар жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесуді дайындауды және өткізуді ұйымдастырады.

5. Егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, қабылдау комиссиясының шешімі заңды деп есептеледі және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба Колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

6. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

7. Колледждің қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

8. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) (бұдан әрі – №122 бұйрық) тұлғаларды оқуға қабылдау еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалған колледждің жобалау мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

9. Өтініштерді қабылдау, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде ақылы негізде оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

10. Тұлғалардың ТЖКОББ ұйымдарында оқуға өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша – 2022 жылғы 25 маусым-25 тамыз аралығында;

2) орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына – 2022 жылғы 25 маусым мен 18 тамыз аралығында негізгі орта білім беру базасында, 2022 жылғы 25 маусым мен 20 тамыз аралығында жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың сырттай нысанына 2022 жылғы 25 маусым мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не "Электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі-портал) жүгінеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Стандарт) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

12. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

13. Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Стандартта келтірілген.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 "Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік

қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Типтік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

15. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 "Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Типтік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

18. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға Колледжге құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 "Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Типтік қағидалардың -қосымшасына сәйкес жолдайды.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 5-бабының 2-тармағының 11 тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

22. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер Колледждің тіркеу журналдарына тіркеледі.

23. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

24. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

25. Колледжге білікті жұмыс кадрларын даярлауға оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулыға сәйкес квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

26. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар Колледждің қабылдау комиссиясына тиісті құжатты 2022 жылдың 25 тамызына

27. Колледждің қабылдау комиссиясы 2022 жылғы 25 маусымнан бастап колледж сайтында орташа конкурстық балды көрсете отырып, осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оны күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

28. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау мамандықтар мен біліктіліктерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы (медициналық анықтаманы) ескере отырып жүзеге асырылады.

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүргізіледі.

29. Орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар 2022 жылдың 25 маусымынан бастап Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ерікті негізде кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өтеді.

30. Кәсіби диагностиканың қорытындысы бойынша талапкерге мамандықтар мен ұсынылатын мамандықтар бойынша кәсіптер картасын алуға ұсынымдар беріледі. Кәсіби диагностиканың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

31. Орта буын маманының және қолданбалы бакалаврдың біліктіліктері бойынша конкурсқа негізгі орта, жалпы орта білім беру базасында оқуға түсуші тұлғалар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған тұлғалар катысады.

32. Конкурсқа қатысу үшін оқуға түсушілер негізгі орта білім беру базасында 2022 жылғы 18 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында – осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес 2022 жылғы 20 тамызға дейін өтініш береді.

33. Конкурсқа өтініш берген кезде оқуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған кезде), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссия бекіткен төрт техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс), білім деңгейін таңдайды.

34. Колледж 2022 жылғы 26 тамызға дейін мамандығы, біліктілігі көрсетілген білім басқармасының ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген және өтініш берген адамдарды тіркейді.

35. Конкурсты білім туралы құжатқа сәйкес, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып, талапкерлерді міндетті және бейінді пәндердің орташа конкурстық балына автоматты түрде бөлу арқылы білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі өткізеді.

36. Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйе (білім беру платформасы) жүзеге асырады.

37. Негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Конкурс 2022 жылғы 19-22 тамыз аралығында, ақылы негізде – 2022 жылғы 26-28 тамыз аралығында

жалпы орта білім беру базасында, техникалық және кәсіптік білім беру базасында – 2021 жылғы 22-25 тамыз аралығында, ақылы негізде – 2022 жылғы 26-28 тамыз аралығында өткізіледі.

38. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндердің тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

39. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес пәндер/пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәні ретінде анықталады.

40. Бағалардың орташа балы:

негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін (9 – сынып) - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП} + \text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі, ТжКОББ бар түсушілер үшін – төрт пән: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін – төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер, мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе болған жағдайда шығармашылық конкурстың (шығармашылық дайындықты талап ететін педагогикалық мамандықтар мен мамандықтар бойынша) бағаларынан қалыптасады:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

АЕ/ШЕ – арнайы емтиханның/шығармашылық емтиханның бағасы;
БС-бағалар саны.

41. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысына сәйкес квота санаты ескеріледі.

42. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 5-қосымшада көрсетілген білім туралы құжатта міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда, басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін міндетті және бейінді пәндердің тізбесін колледждің қабылдау комиссиясы ақпараттық жүйе арқылы белгілейді.

43. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (15 адамнан кем), қамтылмаған талапкерлер болған кезде білім басқармасы 2022 жылғы 29 тамыз аралығында №122 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен ұйымдары бойынша қайта бөлуді жүргізеді.

44. Білім басқармасы Негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы конкурс қорытындыларын 2022 жылғы 23 тамызда, жалпы орта білім беру базасында 2022 жылғы 25 тамызда ресми интернет – ресурстарда жариялайды, сондай – ақ абитуриенттерді конкурс қорытындылары туралы ақпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

45. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде колледж директорының бұйрығымен жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына-2022 жылғы 31 тамызға дейін.;

2) сырттай оқу нысанына-2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін.

46. Күндізгі оқу нысанына білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша 2021 жылғы 31 тамызға дейін жүргізіледі.

47. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларды оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17800 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

48. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына 2022 жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау – 2022 жылдың 31 тамызына дейін, оқудың кешкі және сырттай нысанына 2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе Колледждің интернет – ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.